

1943 жылдан
басылымда
(6204)
02 мамыр
2026 жыл

Ел шебінде

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ОТАН САҚСЫСЫ

18



КЕҢ ДАЛАДАҒЫ
КІРПІК ҚАҚПАС
ҚЫЗМЕТ

2




ШЕКАРАДАҒЫ
ҮНСІЗ
СЕРГЕКТІК

4



ТҰМАН
ТҰМШАЛАҒАН
КӨЛ

8



Отан қорғаушылар мен Жеңіс күні

ҚҰРМЕТТІ ШЕКАРАШЫЛАР, ҚАДІРЛІ АРДАГЕРЛЕР!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл қос мереке – ерлік пен елдіктің, батырлық пен отансүйгіштіктің айқын көрінісі. 7 мамыр – Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылған күні ретінде ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аянбай еңбек етіп жүрген барлық әскери қызметшілерге деген құрметтің белгісі. Бұл күн – Отан алдындағы адал қызметтің, әскери антқа беріктіктің және жоғары жауапкершіліктің мерекесі.

Ал 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні – тарихымыздың ең қастерлі, ең тағылымды беттерінің бірі. Бұл – майдан даласында ерлік көрсеткен батырларымыз бен тылда жан аямай еңбек еткен азаматтардың елшеусіз еңбегі мен қайсарлығының жемісі. Біз Жеңістің қадірін, бейбіт өмірдің бағасын әрдайым жоғары бағалап, ардагерлеріміздің ерлігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге міндеттіміз.

Осы екі мереке де бізді ел қорғау жолындағы жауапкершілікті терең сезінуге, бірлік пен патриотизмді нығайтуға үндейді. Бүгінде сіздер, шекарашылар, ата-баба аманатына адал болып, тәуелсіз еліміздің шекарасын күзетіп, оның қауіпсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз етуде абыройлы қызмет атқарып келесіздер. Сіздердің қырағылықтарыңыз бен табандылықтарыңыз – ел тыныштығының берік кепілі.

Осы айтулы күндерде баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, қызметтеріңізге табыс тілеймін. Ел іргесі берік, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! Батырларымыздың рухы асқақ ерліктері мәңгі ұмытылмасын!

Қазақстан Республикасы
ҰҚК Төрағасының орынбасары –
Шекара қызметінің директоры
генерал-майор

Е. АЛДАЖҰМАНОВ





ЕЛ ШЕБІНДЕГІ СЕНІМДІ ҚОРҒАУШЫ – «ҚАРАБАС»

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының «Қарабас» шекара бөлімшесі Ақшоқы ауылдық округінде, Үржар ауданында 1936 жылдың мамыр айынан бастап мемлекеттік шекараны күзету және қорғау үшін құрылды. Бастапқы кезеңдерде Мақаншы басқармасы Ақшоқы шекара бөлімінің құрамында болған. Сол уақыттан бастап шекара бөлімшесі өзіне жүктелген жауапты учаскені сенімді түрде күзетіп келеді.



2019 жылы бөлімшенің ғимараты күрделі жөндеуден өтті. Қазіргі таңда ол қару-жарақ сақтау орындары, жаттығу өткізу қалашықтары, автотұрақтар және бағыттар бойынша қоймалармен толық жабдықталған. Жауапты аймақ инженерлік құрылыс және бөгеуіш құралдарымен қамтамасыз етіліп, шекара күзетінде тұрақты қолданылуда. Бөлімше штаты 40 әскери қызметшіден тұрады, әрқайсысы өз Отанына берілген антына адал, еліміздің патриоты ретінде шекараның сенімділігін қамтамасыз етеді.

Шекара қауіпсіздігі заманауи құралдармен қамтамасыз етілген. Пилоттық аппараттар, байланыс құрылғылары және жаңа технологиялық құралдар жауапты учаскені қорғауға қолданылуда. Сонымен қатар, бөлімше әлеуметтік салада да белсенді. Елді мекен әкімдіктерімен, мектептермен және жергілікті тұрғындармен бірлесіп, семинарлар, ашық есік күндері, мәдени іс-шаралар, патриоттық кездесулер және түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылады.

Халықаралық ынтымақтастыққа

да ерекше мән беріледі. «Қарабас» шекара бөлімшесі Қытай Халық Республикасымен белгіленген учаскеде шектеседі. Мемлекеттік шекараны бірлесіп күзету, өзара тәжірибе алмасу және үйлесімді іс-қимыл арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету – екі елдің ортақ міндеті.

Шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Жанболат Тұрғанбек 2024 жылдың 15 тамызынан бері қызмет атқарады. Бөлімше бастығының орынбасары лейтенант Думан Хамитов – жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде белсенді үлес қосып келеді.

«Қарабас» шекара бөлімшесі – Отан шебін қорғаудағы сенімді қорған. Ел тыныштығы мен халықтың бейбіт өмірі осы бөлімшенің еңбегімен тығыз байланысты. Мұндағы сарбаздар мен офицерлер – ел намысының қорғаушылары. Олар үшін шекара күзету – тек міндет қана емес, үлкен мәртебе!

Аға лейтенант
Е.ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

Көкжиекпен астасып жатқан кең жазық, желмен тербелген селеу мен жусан иісі аңқыған Қордай даласы алыстан қарағанда тыныш көрінгенімен, оның әр қарыс топырағында сақтық пен сергектік сезіледі. Таңғы салқынмен бірге оянған дала бір сәтке де бейқам күй кешпейді.

Осы кеңістікте ел шебін күзетіп тұрған – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменті Қордай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Еңбек» шекара бөлімшесі.

Бұл бағыттың өзіндік қиындығы бар. Көз жетер жердің бәрі ашық болғанымен дәл осы кеңістік бақылауды әлсіретпейді, керісінше, әр қозғалысты дер кезінде аңғаруды талап етеді. Жазда аптап ыстық, қыста ызғарлы жел, көктем мен күзде құбылмалы ауа райы – бәрі де шекарашының төзімі мен дайындығын сынайды.

Бөлімше бастығы аға лейтенант Әзизхан Рахымберді қызметті нақты тәртіппен ұйымдастырып, жеке құрамның үйлесімді әрекетіне мән береді. Оның басшылығымен әр сарбаз өз міндетін терең түсініп, шекара күзетінің маңызын жүректен сезінеді.

КЕҢ ДАЛАДАҒЫ КІРПІК ҚАҚПАС ҚЫЗМЕТ



Бұл жерде қызмет тәулікпен өлшенеді. Бірі бақылау бекеттерінде шекара нарядын атқарса, енді бірі шеп бойымен шолғын жүреді. Күн батқан соң да жұмыс тоқтамайды. Қараңғылық түскен кезде әр дыбыс, әр көлеңке ерекше назарға алынады. Ашық далада қашықтық алыс көрінгенімен, жауапкершілік одан да ауқымды.

Қызметтік жануарлар да шекара күзетінде маңызды рөл атқарады. Иттер – сенімді көмекші. Олардың иіс сезу қабілеті мен үйретілген машықтары күмәнді іздерді анықтауда таптырмас құрал. Кинологтармен бірге олар шеп бойын бақылап, әр белгісіз қозғалысты дер кезінде сезеді.

Кейде дала тынышталып, жел де саябыр тартқан сәтте айнала тым-тырыс қалыпқа енеді. Сол тыныштықтың өзінде де шекарашының сергектігі бәсеңдемейді. Көкжиекке көз тігіп тұрған әрбір сарбаз ел сенімін арқалап тұрғанын анық сезінеді.

«Еңбек» шекара бөлімшесінде күн мен түннің айырмасы тек уақытпен өлшенеді, ал қызметтің маңызы өзгермейді. Кең дала тесінде атқарылып жатқан әрбір міндет – мемлекеттің тыныштығы мен шекараның беріктігінің кепілі.

Капитан А.ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР». Суретті түсірген
аға лейтенант Ә.РАХЫМБЕРДІ.

УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Руководство, сотрудники Оперативной пограничной группы ФСБ России в Республике Казахстан искренне поздравляют Руководство, военнослужащих и ветеранов Пограничной службы Казахстана с Днем Защитника Отечества Республики Казахстан и 81-й годовщиной Победы братских народов в Великой Отечественной войне!

9 мая 1945 года напоминает о величайшем подвиге советских солдат и миллионов граждан, которые ценой невероятных жертв подарили нам мир. Эта дата переплелась с историей каждой семьи, судьба-

ми родственников, боровшихся на полях сражений Великой Отечественной войны.

Воины-пограничники в той войне показали беспримерную храбрость и самопожертвование, память о них всегда будет жить в наших сердцах.

Мы в неоплаченном долгу перед воинами Великой Отечественной войны и теми, кому героически пришлось трудиться в тылу. Мы склоняем головы перед погибшими, защитившими родную землю, и воздаем почести ветеранам, они являются ярким примером для подрастающего поколения, образцом мужества и героизма.

Пускай их славные подвиги никогда не предадутся

забвению, их доблестные поступки, совершенные во имя свободы Отечества, и далее вдохновляют нас ценить покой и беречь Родину.

Пусть не сотрутся из нашего сознания победные дни сорок пятого, а между народами России и Казахстана и дальше будут крепкие добрососедские отношения.

Желаем Вам, Вашим семьям, родным и близким добра, богатырского здоровья, благополучия и дальнейших успехов в Вашей профессиональной деятельности!

Оперативная пограничная группа ФСБ России
в Республике Казахстан.

ШЫҢДАР ШЕБІНДЕГІ СЕРТ

Шығыс Қазақстанның ең бір қиырында, Катон-Қарағай ауданы мен Күршім ауданы шектескен тұста, алып Алтай таулары көкжиекпен астасып, асқар шыңдарын аспанға тіреп тұр. Сол заңғар биіктердің қойнауында, табиғаттың тұмса сұлулығы мен қатал мінезі астасқан өңірде «Өрел» шекара бөлімшесі ел тыныштығын күзетіп отыр.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Күршім шекара басқармасына қарасты «Өрел» шекара бөлімшесі Шығыс Қазақстан облысында «Үздік шекара бөлімшелер» қатарынан көрінді. Бұл – ұжымның ауызбіршілігі мен табанды еңбегінің нәтижесі.

Бөлімше бастығы, аға лейтенант Асатбек Папинаев – өз ісіне адал, кәсіби білігі жоғары офицер. Ол Алматы қаласындағы ҰҚК Шекара академиясын тәмамдап, қызмет жолын осы өңірде бастаған. Ұйымдастырушылық қабілеті мен талапшылдығының арқасында бөлімше қысқа мерзім ішінде үздіктер қатарына қосылды.

Оның орынбасары, лейтенант Өркен Бейбітбекұлы Сатылған – жаңа буын офицерлерінің жарқын өкілі. Ол жас сарбаздарды қызметке бейімдеуде заманауи тәсілдерді тиімді қолдануда. Әсіресе оларды Берел ауылы маңындағы тарихи орындарға апарып, туған жердің тарихымен таныстыруы – олардың рухын көтерудің бір жолы.

Өрел ауылы мен шекарашылар арасындағы байланыс та ерекше. Жергілікті тұрғындар әскери қызметшілерді өз бауырындай қабылдайды. Бірлескен мәдени іс-шаралар, батыр Раджан Батыркановты еске

алу кештері, спорттық жарыстар – ел мен әскердің арасындағы алтын көпірге айналған.

Ауылдағы мектепте жұмыс істейтін «Жас шекарашылар» үйірмесі де болашақ қорғаушыларды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Жасөспірімдер әскери өмірдің қыр-сырын меңгеріп, Отан алдындағы борыштың мәнін түсінеді.

Бұл өңір – нағыз ерлердің мектебі. Мұнда әр күн – сынақ, әр сәт – жауапкершілік. Бірақ дәл осы сынақтар шекарашыларды шыңдап, олардың рухын асқақтатады.

«Өрел» шекара бөлімшесінің сарбаздары – үнсіз ерліктің иелері. Олар даңқ іздемейді, марапат күтпейді. Бірақ олардың әр күні – ерлікке пара-пар еңбек. Олардың қырағылығы – ел тыныштығының кепілі.

Шекара – бұл тәуелсіздіктің тірегі. Ал сол тіректі берік ұстап тұрған – осындай қайсар жандар.

Подполковник
Ф.БАКЕТОВ, «ОС-ЧР».
Суретті түсірген
лейтенант Ө.САТЫЛҒАН.



ҚЫРАҒЫ КҮЗЕТ – ТАУЛЫ ӨЛКЕНІҢ ТЫНЫСЫ

Төле би ауданының терең қойнауына бойлап, Қасқасу өңіріне аяқ басқанда, ең алдымен көзге шалынатыны – асқар таулардың айбынды келбеті мен табиғаттың тылсым тыныштығы. Бұл өлке – тек көркем табиғатымен ғана емес, ел шебін күзеткен шекарашылардың табандылығымен де ерекшеленеді. ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты Төле би ауданы бойынша шекара басқармасы «Қасқасу» шекара бөлімшесі осы бір қатал да сұлу табиғат аясында өз қызметін абыроймен атқарып келеді.

Қасқасуға барар жол – өз алдына бір сапар. Иір-қиыр тау жолдары, бірде бұлтқа өніп, бірде шатқалға түсетін соқпақтар адамды табиғаттың өзгеше әлеміне жетелейді. Таудың таза ауасы, таңғы тұман мен күн сәулесіне малынған жоталар – бұл өңірдің табиғи болмысын айқындайды. Бірақ осы көркемдіктің ар жағында үлкен жауапкершілік жатыр. «Қасқасу» шекара бөлімшесі 1999 жылы құрылған. Таулы, өтуге қиын бұл аумақта қызмет атқару – әрбір әскери қызметшіден жоғары дайындық пен төзімділікті талап етеді. Қыста - 20 градусқа дейін төмендейтін аяз, жаздағы аптап пен күрделі рельеф – бәрі де шекарашыларды шыңдай түседі.

Бөлімше қызметін кәсіби деңгейде ұйымдастырып отырған шекара бөлімшесінің бастығы – капитан Саян Нұрмаш. Ол 2024 жылдан бастап «Қасқасу» шекара бөлімшесіне жетекшілік етіп келеді. Бұған дейін түрлі лауазымдарда қызмет атқарып, тәжірибе жинақтаған офицер ретінде жеке құрам арасында беделге ие. Оның басшылығымен бөлімше қызметінде тәртіп пен жауапкершілік нығайып, қызметтік-жауынгерлік міндеттер сапалы орындалуда.

Бөлімше әскери қызметшілері мемлекеттік шекараны күзетумен қатар, шекаралық режимді қамтамасыз ету бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізуде. Шекаралық режим талаптарын бұзған 96 құқық бұзушы ұсталып, заң аясында тиісті шаралар қабылданған. Сонымен қатар, заңсыз аңшылық пен табиғи ресурстарды рұқсатсыз пайдалануға қарсы іс-қимыл тұрақты бақылауда. Таулы аймақта қызмет атқаратын шекарашылар үшін атпен қызмет атқару – күнделікті қызметтің бір бөлігі.

«Қасқасу шекара бөлімшесінде қызмет ету – үлкен жауапкершілік. Таулы аймақтың қиындығына қарамастан, біздің басты міндетіміз – мемлекеттік шекараны мүлтіксіз қорғау. Жеке құрам өз қызметіне адал, тәртіп пен бірлікті басты қағида ретінде ұстанады», – дейді шекара бөлімшесінің бастығы.

Қасқасу – табиғаттың сұлулығы мен әскери тәртіптің үйлесім тапқан мекені. Мұнда әрбір тас, әрбір асу шекарашылардың табандылығы мен қайсарлығының белгісіндей. Осындай күрделі аймақта қызмет етіп жүрген әскери қызметшілер – ел тыныштығының сенімді қалқаны.

Шекара тыныштығы – мемлекет тұрақтылығының негізі. Ал Қасқасудың қырағы шекарашылары бұл міндетті абыроймен атқарып келеді.

Подполковник
Р. АСАДИЛОВ «ОС-ЧР».
Суретті түсірген капитан С. НҰРМАШ.





ЖІГЕРЛІ ЖАСТАР

Бұрынғы замандарда ірі су қоймасы ретінде белгілі болған Арал теңізі бүгінде өзінің бастапқы көлемінен айырылып, орнын шаңды шөл мен құм басқан табиғи апат аймағына айналды. Бұл экологиялық ахуал өңірдің климатын қатты өзгертті, тіпті төрт мезгілдің өзі төзгісіз сипат алды.

Осы қиын жағдай қалыптасқан аумақта, яғни Қазақстан мен Өзбекстан шекараласатын жерде орналасқан «Матай» шекара бөлімшесі 2021 жылдың қыркүйегінде ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Маңғыстау бойынша департаментінен Ақтөбе облысы бойынша департаментінің «Шалқар» шекара бөлімінің қарамағына өтті. Бұл шешім бөлімшенің географиялық орналасуына және әкімшілік тұрғыдан тиімділігіне байланысты қабылданған.

Қазіргі таңда бөлімшеге аға лейтенант Мейрам Самаров басшылық етеді. Ол 2021 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын Алматы қаласында аяқтап, алғашқы қызметін Ақтөбе облысындағы «Байторысай» шекара бөлімшесінде бастаған. Бөлімшеде келісімшарт негізінде қызмет атқаратын әскери қызметшілер үшін вахталық жүйе енгізілген. Әрбір қызмет кезеңі 20 күнге созылып, одан кейін 10 күндік демалыс беріледі. Мұндай жүйе жеке құрамның психологиялық әл-ауқатын сақтап, жауынгерлік қабілетті жоғары деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді. Қиын табиғи жағдайларға қарамастан «Матай» бөлімшесіне қызметке орналасуға ынта білдіретін жастардың саны артып келеді.

«Матай» шекара бөлімшесінің құрамына «Көлсай» техникалық бақылау бекеті мен «Борқұдық» автономды тұрғын кешені кіреді. Бұл нысандарда үздік мамандар қызмет етеді. Мәселен, кіші сержант Әділет Абдрахманов 2024 жылдың қорытындысы бойынша «Үздік техникалық бақылау операторы» атанды. Сондай-ақ, 2023 жылдың

нәтижесі бойынша бөлімшенің электр-дизелисі Абай Серікболсын «Үздік маман» ретінде марапатталған.

Бөлімше әскери міндетпен қатар, спорттық шараларға да белсенді қатысып келеді. Шалқар ауданында ұйымдастырылған кіші футболдан жарыста бөлімше командасы екінші орын алды. 2024 жылы қазақша күрестен өткен жарыстарда Абай Серікболсын 87 кг салмақта үшінші орынды иеленсе, Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған додада ефрейтор Алпысбай Шапағат пен ефрейтор Болысбаев Бекжан бірінші орыннан көрінді. Сонымен қатар, қатардағы жауынгер Еркін Убайтжанов қоян-қолтық ұрыстан +90 салмақ дәрежесінде жүлделі үшінші орынды еншіледі.

Бөлімше бастығының орынбасары аға лейтенант Дарын Аманбек Русланұлының басшылығымен бөлімшеде қызметтік тәртіп пен жауынгерлік әзірлікке баса мән берілген. Сонымен қатар, бөлімше бастығының орынбасары лейтенант Мадияр Уразалин де жеке құрамның үйлесімді жұмысына серпін беріп келеді.

Күндіз-түні демалыссыз қызмет ететін шекарашылардың қажырлы еңбегі — ел тыныштығы мен қауіпсіздігінің кепілі. «Матай» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері де осындай кепілдіктің айқын дәлілі болып жүргендеріне ризашылығымызды білдіреміз.

Аға лейтенант Ж. ШАРМАКОВ,
«OS-ЧР». Суретті түсірген
аға лейтенант Д. МОЛДАҚҰЛ.



ШЕКАРАДАҒЫ ҮНСІЗ СЕРГЕКТІК



ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменті Қордай ауданы бойынша шекара басқармасының «Аухатты» шекаралық бақылау бөлімшесіне бет алған сәттен бастап жолдың өзінде бір ерекше жинақылық сезіледі.

Көлік легі үзілмейді, әрқайсысы өз бағытымен қозғалып келеді, бірақ бақылау аймағына жақындаған сайын бәрінің ырғағы баяулап, тәртіпке бағынады.

Бұл өткізу бекеті Қордай бағытындағы ең

жауапты нүктелердің бірі. Мұнда кезекшілік тәулік бойы жалғасады. Таңның алғашқы жарығы түскеннен түн ортасына дейін қозғалыс тоқтамайды. Бір сәтте бірнеше көлік қатар келіп, тексеріс қарқыны үдей түседі. Келесі мезетте арасы сирегенімен бақылау әлсіреген бір сәт те жоқ.

Бөлімше бастығы майор Нұрбек Жумағұлов қызмет барысын нақты ұйымдастырып отырған офицер. Оның әр сөзі мен әрекетінен талапшылдық байқалады. 2026 жылғы ҚР ҰҚК Шекара қызметі директорының кубогы қоян-қолтық ұрысынан чемпион, тәжірибесі оның мінезіне де әсер еткендей — шапшаң шешім, нақты әрекет, артық сөзсіз тәртіп.

Бақылау аймағында әр көлік егжей-тегжейлі қаралады. Құжаттарды тексеру барысында ұсақ-түйек деген нәрсе жоқ. Шекарашылар көліктің ішкі бөлігін де, жүк салғышын да, техникалық жағдайын да назардан тыс қалдырмайды. Қажет болған жағдайда арнайы құралдар қолданылады. Көзге байқалмайтын өзгерістердің өзі тәжірибелі маман үшін белгі болуы мүмкін.

Түнгі ауысымда бөлімше мүлде басқа қалыпқа өнеді. Жарық шамдардың астында қозғалыс бәсеңдегендей көрінгенімен жауапкершілік күшейе түседі. Әр дыбыс, әр қозғалыс назарда. Ал күндіз көлік ағыны жиілеп, тексеріс қарқыны үдейді. Уақыт үнемі есепте.

Қызмет арасындағы тұрмыс та осы ырғаққа бейімделген. Қысқа үзілістер, жедел тамақтану, қайтадан сапқа қосылу — бәрі де жүйелі. Әңгімелер де артыққа созылмайды, көбіне қызметке қатысты. Бір-бірін түсіну — сөзден бұрын қалыптасқан.

Осы жерде болғанда шекара қызметінің ішкі тәртібі мен салмағы анық сезіледі. Әр тексерістің артында мұқият есеп, әр шешімнің артында жауапкершілік тұр. «Аухатты» бөлімшесінде бәрі қозғалыста, бірақ әр әрекет нақты тәртіпке бағынады.

Капитан А.ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».
Суретті түсірген майор Н.ЖУМАҒҰЛОВ.

«НҰР ЖОЛЫ» – ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ТІРЕГІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының «Нұр Жолы» (жолаушылардың) шекаралық бақылау бөлімі – мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды әскери ұжым.

Бөлім тәулігіне таңғы уақыттан кешкі уақытқа дейін үздіксіз қызмет атқарып, шекарадан өтетін жолаушылар мен көлік ағынын тексеруден өткізеді. Күн сайын бұл бағытта жалпы саны бірнеше мың адам мен көлік құралы өтеді. Көрсеткіш бөлім қызметінің қаншалықты қарқынды әрі жауапты екенін көрсетеді.

Бөлімді подполковник Нұржан Керченев басқарады. Шекаралық бақылау бөлімінің жауынгерлік қызметі тек құжаттарды тексерумен шектелмейді. Мұнда құқық бұзушылықтардың алдын алу, заңсыз тасымалдарды анықтау, сондай-ақ мемлекеттік қауіпсіздікке қатер төндіретін кез келген әрекетті дер кезінде тоқтату басты міндеттердің бірі болып табылады. Мәселен, сәуір айында шекара нарядында болған кіші сержант Ғабит Есмұрат қызметтік итімен тексеру барысында автобус жолаушысының қол жүгінен декларацияланбаған бірнеше мың АҚШ доллары мен бірнеше миллион теңге көлеміндегі қаражатты анықтады. Бұл жағдай бойынша жолаушыға заң талаптары түсіндіріліп, кеден қызметкерлеріне тапсырылды.

Сол сияқты сәуір айының басында ефрейтор Аслан Сламқан кеден қызметкерімен бірлесе жүргізген тексеріс барысында шетел азаматының автокөлігінен құжатсыз пневматикалық тапанша оқтары мен баллондар анықталды. Бұл заңсыз жүк те тиісті органдарға тапсырылды.

Аталған фактілер «Нұр Жолы» бөлімінің жеке құрамы өз міндеттерін жоғары кәсібилікпен және қырағылықпен атқаратынын дәлелдейді. Әрбір әскери қызметші үшін мемлекеттік шекара – тек қызмет орны ғана емес, ел тәуелсіздігінің нышаны, халық қауіпсіздігінің кепілі.

«Нұр Жолы» (жолаушылардың) шекаралық бақылау бөлімінде қызмет ететін шекарашылар тәулік бойы ел тыныштығын күзетіп, заң мен тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді. Олардың қырағылығы мен кәсібилігі – ел қауіпсіздігі мен тұрақтылығының маңызды кепілі.

**Подполковник М.ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Сурет шекаралық
бақылау бөлімшесінен.**



ҚЫРАҒЫЛЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК МЕКЕНІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Қосақ» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшесі Павлодар облысының Успен ауданына қарасты Лозов ауылында, халықаралық маңызы бар «Павлодар — Новосибирск» автожолы бойында орналасқан. Аталған бағыт арқылы күн сайын Қазақстан мен Ресей арасындағы жолаушылар мен көлік құралдарының қозғалысы жүзеге асады.

тапсырды.

Бөлімше әскери қызметшілері үшін мұндай жағдайлар тосын емес. 7 ақпанда ефрейтор Е. Ахтанбердиновтың, 27 наурызда сержант И. Самарцев қос азаматтығы бар тұлғаларды

яғни вейптердің ірі партиясын жасырын түрде заңсыз алып өтпек болған азаматтар ұсталып, тиісті органдарға тапсырылды.

Бөлімшенің нәтижелі қызметінің артында ұйымшыл ұжым мен тәжірибелі басшылық тұр.

«Қосақ» шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы - капитан Елжан Берікбаев болса, оның орынбасары — аға лейтенант Наурызбек Әліпбаев. Басшылық жеке құрамның кәсіби даярлығына, тәртіпке, шекаралық бақылаудың сапасына ерекше мән береді.

Бөлімшеде тәжірибелі әскери қызметшілер мен жас мамандар қатар қызмет атқарады. Жас шекарашылар аға буыннан тәлім алып, шекаралық бақылаудың қыр-сырын меңгеруде.

Әскери қызметшілердің тұрмыстық жағдайы да назардан тыс қалмаған. Бекетте жеке құрамға арналған асхана мен демалыс аймағы қарастырылған.

«Қосақ» шекаралық бақылау бөлімшесінің бүгінгі тынысы қажырлы еңбек пен тынымсыз ізденістің көрінісі. Мұнда қызмет атқаратын әрбір шекарашы өз міндетінің ел қауіпсіздігімен тікелей байланысты екенін жақсы түсінеді. Сондықтан да

олар қырағылықты серік, жауапкершілікті темірқазық етіп, күн сайын ел шебінде абыройлы қызмет атқаруда.

**Майор Г.САДЫКОВА,
«OS-ЧР». Сурет шекаралық
бақылау бөлімшесінен.**

Бүгінде өткізу пунктінде радиациялық бақылау және бейнебақылау жүйелері орнатылған. Заманауи техникалық құралдар шекарашылардың жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Дегенмен техниканың мүмкіндігі қаншалықты жоғары болғанымен, шекаралық бақылаудың басты тірегі — шекарашының қырағы көзі, кәсіби білігі мен қызметіне деген адалдығы екені анық.

Жыл басынан бері «Қосақ» өткізу бекеті арқылы 113 мыңнан астам адам мемлекеттік шекарадан өткен. Оның ішінде 64 мыңға жуығы — шетел азаматтары. Мұндай қарқынды қозғалыс кезінде түрлі заң бұзушылықтардың да кездесіп отыратыны белгілі. Алайда бөлімше жеке құрамы өздеріне жүктелген міндетті тиянақты атқарып, жыл басынан бері техникалық құралдар мен қызметтік иттердің көмегімен 100-ден астам құқық бұзушылық дерегін анықтаған.

Мәселен, 2026 жылдың 8 наурызында Владивосток — Худжанд бағытымен келе жатқан Ресей азаматының сөмкесінен заңсыз алып өтпек болған діни кітаптар анықталды. Аталған дерек ефрейтор С.Абылқалықовтың қырағылығының арқасында белгілі



болды. Дәл сол күні Павлодар — Новосибирск бағытындағы рейспен келе жатқан жолаушылар арасынан Қазақстан Республикасына заңсыз кірмек болған тұлғаны қатардағы А.Тұрсынов анықтап, тиісті органдарға

анықтады. Ал 16 сәуір күні ефрейтор Д.Таубайдың, 23 сәуір күні ефрейтор Ш.Қазбеков пен А.Мусалимовтың кәсіби шеберлігінің нәтижесінде Қазақстан Республикасының аумағына электронды тұтыну жүйелерінің



СОПМ-2026: ИТОГИ ПОДВЕДЕНЫ

В Департаментах Пограничной службы КНБ по Мангистауской и Атырауской областям подведены итоги I — этапа совместных оперативно-профилактических мероприятий в Каспийском море, направленных на поддержание благоприятного режима плавания, пресечение браконьерской деятельности и охрану морских биологических ресурсов.



В течении апреля месяца подразделения департаментов во взаимодействии с пограничными ведомствами Российской Федерации и Республики Азербайджан, а также казахстанскими государственными органами активно пресекали незаконную браконьерскую деятельность в акватории Каспийского моря. Основные усилия в период совместных действий были направлены на поиск и задержание браконьеров, изъятие орудий браконьерского лова, соблюдение правил промысла морепродуктов, проверку судов и режима судоходства.

В ходе комплекса организационных и оперативных мероприятий, задержано 50 нарушителей пограничного режима, 35 нарушителей территориальных и внутренних вод и 1 нарушитель правил рыболовства. Пограничными кораблями и катерами в акватории моря выбрано 50 километров браконьерских сетей, а также пресечен провоз 11,5 кг наркотических средств.

В естественную среду обитания выпущено 256 особей рыб осетровых пород (1164 кг) и 585 особей рыб частиковых пород (1055 кг). На правонарушителей наложено свыше 3,1 млн. тенге административных штрафов. Предотвращенный ущерб государству составил 505 684 308 млн. тенге.

Начальник управления береговой охраны Департамента Пограничной службы КНБ по Мангистауской капитан первого ранга Талгат Туребаев, отметил, что важную роль в борьбе с браконьерской деятельностью сыграли совместные действия казахстанских пограничников с пограничными ведомствами Российской Федерации и Республики Азербайджан, а также природоохранными структурами и правоохранительными органами областей.

Фото капитана первого ранга
Т.ТУРЕБАЕВА.

По итогам состязаний ефрейторы Маргулан Исабек и Байғани Жекенбаев завоевали первые места в личном первенстве, а ефрейтор Талгат Үргенішбай стал вторым.

Высокие результаты военнослужащих стали закономерным итогом системной подготовки и грамотной организации учебного процесса. Кроме личных достижений, электромеханическая группа также показала отличную командную работу, завоевав 1 место в общекомандной эстафете.

Подготовка личного состава к соревнованиям проводилась под руководством капитана Чингиза Балтабаева.

Под его руководством подразделение на протяжении нескольких лет демонстрирует стабильные результаты, неоднократно занимая призовые места и удерживая лидирующие позиции среди аналогичных подразделений. По итогам 2025 года электромеханическая группа была признана лучшей в Департаменте.

Электромеханическая группа продолжает вносить весомый вклад в развитие инженерно-технического обеспечения подразделений Пограничной службы. Благодаря профессионализму, дисциплине и ответственному отношению к делу военнослужащие подразделения обеспечивают стабильную работу технических средств охраны границы, создавая условия для более эффективного выполнения служебно-боевых задач по защите государственной границы Республики Казахстан.

Полосу подготовил
капитан А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР». Фото
с департамента.

ЛУЧШИЕ В ИНЖЕНЕРНОМ ДЕЛЕ

Военнослужащие электромеханической группы отдела инженерно-технического обеспечения Департамента Пограничной службы КНБ Республики Казахстан по Мангистауской области достойно представили подразделение на республиканских соревнованиях в Кордае на звание лучшего инженерного специалиста.



ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗ ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ

Ұлы Отан соғысы – адамзат тарихындағы ең ауыр әрі қасіретті кезеңдердің бірі. Сол сұрапыл жылдары майдан даласында ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсеткен мыңдаған қазақстандықтардың есімі ел жадында мәңгі сақталды. Солардың қатарында гвардия старшинасы, ержүрек жауынгер Қабиолда Төлепбергеновтің орны ерекше.



Қабиолда Төлепбергенов 1917 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданына қарасты Ақарал ауылында дүниеге келген. Жастайынан еңбекке ерте араласып, елге адал қызмет етуді мақсат еткен ол 1938 жылдың қыркүйек айында Зайсан аудандық әскери комиссариаты арқылы Қызыл Армия қатарына шақырылады. Әскери өмірдің қатаң мектебінен өткен жас сарбаз Ұлы Отан соғысы басталғанда майдан шебіне аттанып, Отан қорғау жолында аянбай күреседі.

Соғыс жылдарында ол 17-гвардиялық атқыштар дивизиясының шаңғы батальоны құрамында Калинин майданында жауға қарсы шайқастарға қатысады. Әсіресе, 1942 жылдың желтоқсан айында Смоленск облысы, Бельский ауданына қарасты «Далеки хуторы» маңындағы 210,9 биіктігі үшін болған шайқас оның батырлығын айқын дәлелдеді.



Төлепбергенов басқарған 26 жауынгерден құралған взвод маңызды тапсырманы мүлтіксіз орындап, биіктікті ешбір шығынсыз басып алды. Шайқас барысында олар жаудың 100-ге жуық солдатты мен офицерін жойып, қарсыластың екпінін тоқтатты. Ал Қабиолданың өзі 24 солдат пен 1 офицердің көзін жойып, ерекше ерлік көрсетті.

Осы ерлігі үшін ол Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. Кейіннен Отан соғысы орденінің I дәрежесіне ие болды. Майдан даласында бірнеше мәрте жарақат алып, 1942 жылдың шілде айында контузия алғанына қарамастан, ол жауынгерлік жолын жалғастырып, жеңіске дейін күресті.

Партия қатарында болып, ел алдындағы жауапкершілігін терең сезіне білді.

Соғыс аяқталған соң Қабиолда Төлепбергенов туған жеріне оралып, бейбіт өмірде де елге адал қызмет етті. Зайсан ауданының Көгедай ауылында ұстаздық жолды таңдап, жас ұрпақты тәрбиелеуге бар күш-жігерін арнады. Оның жұбайы Күләш та осы ауылда мұғалім болып еңбек етіп, білім саласының дамуына үлес қосты. Екеуі бір шаңырақ астында өнегелі әулет қалыптастырып, ұл-қыздарын тәрбиелеп өсірді. Ұлдары: Мұрат, Салауат, Бейбіт, Ришат, Марат, қыздары: Лиза, Райса, Гүлнар, Салтанат және Гүлшат есімді

батырдың ұрпақтары бүгінде оның жолын жалғап, ел игілігіне қызмет етуде.

Немерелері түрлі салада еңбек етіп, оның ішінде Отан қорғау ісін таңдағандары да бар. Немересі подполковник Ринат Төлепбергенов – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаменті Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасының тәрбиелік-идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімі бастығының орынбасары. Тағы бір немересі сержант Ержан Қабиолда – Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінде қызмет атқаруда. Бауыржан Қабиолда Көгедай

мектебінде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып еңбек етуде. Бұл – Қабиолда Төлепбергеновтің ерлік пен елжандылық рухы ұрпақ санасында жалғасын тауып келе жатқанын көрсетеді.

Қабиолда Төлепбергеновтің жауынгерлік жолы – тек бір адамның тағдыры ғана емес, тұтас бір ұлттың батырлығы мен рухының көрінісі. Оның есімі туған жер тарихында алтын әріптермен жазылып, кейінгі буынға отансүйгіштік пен ерліктің жарқын үлгісі болып қала береді.

**Лейтенант А.КИРГИЗБАЕВ,
«OS-ЧР». Суреттер
отбасылық мұрағаттан.**

МЕРЕЙТОЙ

ҚАДАМЫ НЫҚ БАСҚАРМА

2026 жылғы 11 мамыр күні Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасының құрылғанына 43 жыл толады. Бұл – ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып келе жатқан бірегей құрылымның мерейлі белесі.

Тарих беттеріне көз жүгіртсек, басқарманың негізі 1983 жылы қаланып, сол кезеңнен бастап шекара әскерлерінің техникасы мен қару-жарағын сапалы жөндеу ісін жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Жылдар бойы бірнеше құрылымдық өзгерістерден өтіп, бүгінгі таңда заманауи талаптарға толық жауап беретін қуатты басқармаға айналды.



Бүгінде бұл – техниканы және қару-жарақты жөндеу мамандандырылған басқарма. Оның қызметі тек жөндеумен шектелмей, әскери техниканың сенімділігі мен ұрысқа дайындығын қамтамасыз етуде стратегиялық маңызға ие.

43 жыл ішінде жинақталған тәжірибе мен кәсіби шеберлік жаңа кезеңмен ұштағып отыр. Соңғы жылдары өндірістік база түбегейлі жаңартылып, заманауи технологиялармен жабдықталған жаңа цех іске қосылды. Бұл – ұзақ жылдардан кейін жүргізілген ауқымды күрделі жөндеу жұмыстарының нәтижесі.

Жаңа өндірістік цех – тек ғимарат ғана емес, бұл – жаңа мүмкіндіктер алаңы. Мұнда озық құрал-жабдықтар орнатылып, жоғары білікті мамандар еңбек етуде. Соның арқасында жөндеу жұмыстарының сапасы артып, мерзімі қысқарды.

Бұл жаңғыру – ел шекарасының қауіпсіздігін күшейту жолындағы нақты қадам. Техникалық елеуеттің артуы – әскери дайындықтың нығаюына тікелей әсер етеді.



Бүгінгі басқарма – өткеннің тәжірибесі мен болашақтың жоспарын тоғыстырған, сенімділік пен жауапкершіліктің ортасы. 43 жылдық тарих – бұл тек уақыт өлшемі емес, бұл – үздіксіз даму, адал қызмет және Отан алдындағы борышқа деген беріктік.

Алдағы уақытта да басқарма ұжымы жаңа белестерді бағындырып, ел қауіпсіздігі жолындағы қызметін абыроймен жалғастыра беретіні сөзсіз.

**Лейтенант Д.ЖАМУХАМБЕТОВ,
«OS-ЧР». Суреттер басқармадан.**



ШЕБЕРЛІКТЕРІН ШЫҢДАДЫ

Шекара – ел тыныштығының шебі ғана емес, тәртіп пен жүйенің нақты көрінісі. Ал сол жүйенің күнделікті жұмысын үйлестіріп, бөлімшенің ішкі тіршілігін реттейтін негізгі тұлғалардың бірі – старшина. Осы жауапты буынның кәсіби деңгейін арттыру мақсатында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Бірлік» шекара бөлімшесінде оқу-әдістемелік жиын өткізілді.

2026 жылғы сәуір айында өткен бұл жиын – тылдық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды шаралардың бірі болды. Үш күнге созылған іс-шараға шекара басқармалары мен департамент бөлімдерінен старшиналар қатысып, өзара тәжірибе алмасып, кәсіби біліктіліктерін шыңдады. Жиын барысында ең алдымен саптық тексеріс өткізіліп, қатысушылардың даярлық деңгейі бағаланды. Нәтижесінде Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасы бірінші орынды иеленсе, Мақтаарал және Төле би аудандары бойынша басқармалар келесі орындарды бөлісті. Бұл – өңірдегі бөлімшелер арасындағы кәсіби бәсекенің де нақты көрсеткіші.

Оқу бағдарламасы жан-жақты қамтылды. Старшиналарға: өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер; әскери құқықбұзушылықтардың алдын алу; санитарлық-эпидемиологиялық талаптар; мемлекеттік мекемелердегі түгендеу тәртібі; тылдық қамтамасыз

етудің нормативтік негіздері бойынша сабақтар өткізілді. Әсіресе, төтенше жағдайлар қызметі мамандарының қатысуымен ұйымдастырылған тәжірибелік жаттығулар ерекше қызығушылық тудырды. Өрт сөндіру техникасының мүмкіндіктері көрсетіліп, нақты іс-қимыл алгоритмдері пысықталды.

Жиын тек теориямен шектелмей, практикалық және спорттық бағытты да қамтыды. Старшиналар арасында волейболдан жарыс өткізіліп, Мақтаарал құрамасы жеңіс тұғырынан көрінді. Сонымен қатар физикалық дайындық нормативтері қабылданды. Айта кету керек, «Бірлік» шекара бөлімшесінің материалдық базасы мен оқу нүктелерінің дайындығы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қоймалар, оқу сыныптары, техникалық нысандар толық дайын күйде ұсынылды. Бұл – жиынның сапалы өтуіне негіз болған маңызды фактор.

Мұндай шаралар – шекара қызметінің тылдық жүйесін



нығайтып қана қоймай, бүкіл бөлімшенің жауынгерлік қабілетін арттыруға ықпал ететін маңызды алаң. Шекара тыныштығы – жүйелі еңбектің нәтижесі. Ал сол жүйенің мызғымас тірегі – өз ісіне адал, білікті старшиналар екені тағы бір мәрте айқындалды.

Подполковник Р.АСАДИЛОВ «OS-ЧР».
Суретті түсірген капитан Д.ҚАЛЫҚОВ.

БАҚ – БІЗ ТУРАЛЫ

Теңіз деңгейінен бірнеше мың метр биіктікте орналасқан Үлкен Алматы көлі туралы кім білмейді?.. Оның сұлулығы әлдеқашан-ақ Алматы тұрғындарын ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінен ағылған туристерді де тәнті етіп келеді. Іле Алатауының биік құшағында жатқан бұл мекен – табиғаттың үнсіз сөйлейтін, тұмса қалпын сақтап қалған ғажайып бір әлем.



ТҰМАН ТҰМШАЛАҒАН КӨЛ

Тау қойнауын жарып өткен ирек жолмен жоғарылаған сайың, кенет көз алдыңнан көгілдір айнадай жарқыраған көл ашылады. Бірде мөлдір көк, бірде изумрудтай жасыл реңкке боялатын су беті кейде аспанмен астасып, шексіздікке сіңіп көткендей әсер қалдырады. Көлді айнала қоршаған асқақ шыңдардың ұшар басында мәңгілік қар ақ төз болып қонақтаған.

Міне, дәл осы – қала тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етіп отырған көлдің маңындағы биік жотаның үстінде тұрмыз. Бүгін осы жерде Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасы бастығының бірінші орынбасары – штаб бастығы, подполковник Дархан Қайтаев «Stan.kz» ақпарат агенттігінің тілшісіне сұхбат бермек.

...7 мамыр – Отан қорғаушы күні қарсаңында Шекара қызметі туралы арнайы сюжет әзірлеуге ниет білдірген аталмыш агенттіктің продюсері Аида Мурзанова бастаған түсірілім тобын «Алмаарасан» шекара бөлімшесі күзететін аумаққа бастап бару міндеті маған жүктелген еді. «Айтылды – орындалды» дегендей, Үлкен Алматы көліне бағыт алған бізді штаб бастығымен бірге шекара наряды қарсы алды.

Бұл күні түсірілім тобына шекара нарядының қызметі ғана емес, ел шебіндегі әр қозғалысты қалт жібермейтін заманауи

бейнебақылау жүйесімен жабдықталған «Соболь» көлігі мен ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараты да таныстырылды.

Штаб бастығы подполковник Д. Қайтаев журналистер алдында сенімді сөйлеп, шекарашыларға жүктелген міндеттерді тәптіштеп жеткізді. Қолданыстағы техника мен мүмкіндіктерге де кеңінен тоқталды. Ал біз осы сәтті пайдаланып, әр көріністі кадрға түсіруге асықтық.

Келесі кезек – шекара нарядына тиді. Бұл – шекара басқармасының арнайы мақсаттағы ұтқыр қимылдар тобы. Топты майор Қанат Тохманбетов басқарады. Қатарында кіші сержант Болат Еримов пен келісімшарт қызметіндегі жауынгерлер Телжан Қалдықанов пен Нұрбек Мәулетхан бар. Аты айтып тұрғандай, бұл жігіттер жылдам қимылдап, дәл әрекет ететін, көз келген жағдайда шешім қабылдай алатын кәсіби мамандар. Олар да бейнекамера алдында тосылмай, өз міндеттерін сенімді көрсете білді. Тау ішінде еркін қозғалған шекара нарядының әрекеті біз үшін де ерекше әсер қалдырды.

Алайда, таудың құбылмалы мінезі бұл жолы да өз сөзін айтты. Журналистердің жұмысы қызған сәтте төңіректі қалың тұман басып, тіпті төменде жатқан көлдің өзі көзден ғайып болды. Табиғаттың бұл тосын

мінезі жоспарымызды өзгертуге мәжбүр етті. Аман жоқ, жұмысты жалғастыру үшін төменге түстік.

Есесіне, төменде бізге ешкім кедергі келтірмеді. Тіпті туристер де бұл маңда көрінбеді. Шекарашылардың уақытша жылыту бекетінің жанында жоспарлаған жұмысымызды толық аяқтадық. Сол сәтте ғана иықтан ауыр жүк түскендей жеңіл тыныстадық.

Азаматтық өмірдің өкілдері болғанымен, продюсер Аида, тілші Гүлнара және оператор Думан Нұрасыл да бұл сапарда нағыз табандылық танытты. Олар да шекарашылардан қалыспай, тастан тасқа секіріп, күрделі өткелдерді еңсерді. Тіпті, Гүлнара кей сәтте репортажын биік қойтастың үстінде тұрып жүргізді. Бұл – өз ісіне адалдықтың, мамандыққа деген шынайы жауапкершіліктің көрінісі.

Ал шекара шебінде мұндай сәттер – күнделікті тіршілік. Тау, тұмаң тосын жағдай – бәрі де олардың жұмысының бір бөлігі ғана. Өйткені, ел тыныштығы дәл осындай үнсіз, бірақ сергек қызметтің арқасында сақталады...

ҚР Журналистер одағының мүшесі,
әскери журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

ЭЛЕКТРЛІ КӨЛІКТЕР СЫНАҚТАН ӨТУДЕ

Жақында Астана қаласында ҰҚК Шекара қызметінің қару-жарақ департаменті «Astana Motors North» ЖШС ұсынған электрлі және гибриді қозғалтқыштары бар заманауи автокөлік үлгілерінің көрсетілімін өткізді.



Бұл іс-шара Шекара қызметіне энергия үнемдейтін көліктерді енгізу болашағын зерделеу және жаңа технологиялардың пайдалану сипаттамаларын бағалау мақсатында ұйымдастырылды. Көрсетілім барысында мамандар назарына бес түрлі көлік моделі, атап айтқанда BYD YUAN UP, BYD Song Plus EV, BYD SEALION 7, BYD Chazor DM-i және BYD Song Plus DM-i және басқа да қауіпсіздік техникалары ұсынылды. Мамандар көліктердің жүріс қоры көрсеткіштеріне, энергия

тиімділігіне және жарақтандыру деңгейіне ерекше назар аударып, аталған модельдерді қызметтің әртүрлі жағдайларында қолдану мүмкіндіктерін бағалады.

Іс-шараға ҰҚК Шекара қызметінің басшылық құрамы және ҰҚК 6-шы Қызметінің өкілдері қатысты. ҚР ҰҚК Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры генерал-майор Е. Алдажұманов заманауи техникалардың ерекшеліктерін ескере отырып, оларды шекара қызметіне қолдану тиімділігін жан-жақты бағалау қажеттілігін атап өтті.

Бүгінгі күнде шекарашыларды заманауи техникамен қамтамасыз ету – шекараны қорғау тиімділігін айтарлықтай арттыратын стратегиялық қадам. Жаңа техниканы енгізу және оны тиімді пайдалану шекара қауіпсіздігін одан әрі нығайтады.

Лейтенант А.КИРГИЗБАЕВ,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген
қатардағы Д.ҚУАНЫШЕВ.



Мемлекеттік шекара – тәуелсіз елдің тұғыры, қауіпсіздіктің айнымас қалқаны. Сол қасиетті шепте қырағылықпен қызмет атқару – абыройлы міндет. Осындай жауапты жолды таңдаған жас офицерлердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті «Семей» шекара басқармасына қарасты «Ауыл» теміржолдық шекаралық бақылау бөлімшесі бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары аға лейтенант Айдос Нагаев.

ЕЛГЕЗЕК ОФИЦЕР

қызметі – асқан мұқияттық пен қырағылықты қажет ететін бағыт. Мұнда әр шешім мен әр әрекет мемлекет қауіпсіздігімен сабақтас. Осындай жауапты қызметте жүрген жас офицер өз ісіне адалдықтың, сертке беріктіктің үлгісін көрсетіп келеді.

Әріптестері арасында сабырлы мінезімен, іске тиянақтылығымен ерекшеленетін Айдос Нагаев әскери қызметтің тек бұйрық орындау ғана емес, үлкен рухани жауапкершілік екенін жақсы түсінеді. Оның қызмет жолынан жас офицерге тән жігер мен елге қызмет етудің шынайы үлгісі көрінеді.

Шекара – сенім мен серт мекені. Сол сенімді ақтап жүрген аға лейтенант Айдос Нагаев – ел шебіндегі жас буын офицерлерінің жарқын өкілі. Оның қызметі – Отанға адалдықтың, офицерлік ар-намыстың айқын көрінісі.

**Аға лейтенант Е.ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР». Сурет басқармадан.**



Айдос Нұрболұлы 2000 жылдың 2 қыркүйегінде Семей қаласында дүниеге келген. Бала күнінен тәртіп пен жауапкершілікті серік еткен ол туған жерге қызмет етуді азаматтық парыз санады. Семей қаласындағы №23 жалпы орта білім беретін мектепте оқып жүріп-ақ әскери мамандыққа қызығушылығы оянған.

2016–2019 жылдары Семей қаласындағы Еуразиялық техникалық-гуманитарлық колледжінде білім алып, «Жол қозғалысын ұйымдастыру» мамандығын меңгерді. Бұл оқу орны оның ұйымдастырушылық қабілетін шыңдап, кәсіби көзқарасының қалыптасуына негіз болды.

Білімін одан әрі жалғастырып, 2019–2023 жылдары Ә.Бөкейхан атындағы университетінде жоғары білім алды. Студенттік кезеңде әскери іске ден қойып, 2020–2022 жылдары әскери кафедрада

оқып, офицерлік жолға нық қадам басты.

2024 жылдан бері «Ауыл» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімшесінде бөлімше бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді. Бұл лауазым әскери ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды нығайту, патриоттық тәрбие беру, әскери тәртіп пен қызметтік жауапкершілікті күшейту сынды маңызды міндеттерді қамтиды.

Айдос Нұрболұлы осы салада өзін ізденімпаз, талапшыл әрі бастамашыл офицер ретінде танытып үлгерді. Ол жеке құраммен жүргізілетін тәрбиелік жұмысты жүйелі ұйымдастырып, әскери ұжымның ауызбіршілігін арттыруға, шекарашы мамандығының абыройын көтеруге еңбек етіп келеді.

Теміржолдағы шекаралық бақылау

ЕЛ ШЕБІН КҮЗЕТКЕН ЖАС ОФИЦЕР

Шекара – бұл жай ғана картадағы белгі емес, ол – ұлттың намысы, елдің тұтастығы мен болашағының кепілі. Ал сол қасиетті шепті күндіз-түні күзетіп тұрған жандардың бірі – лейтенант Айбек Сүлейманов.

Айбек Қостанай өңіріндегі өндірісті қала – Рудный шаһарында 1998 жылдың 18 маусымында дүниеге келген. Балалық шағынан еңбекқорлық пен табандылықты серік еткен ол қатарластарының арасында алғырлығымен ерекшеленді. Жастайынан тәртіпке бейім, алға қойған мақсатына нық қадам жасайтын жасөспірімнің болашақта әскери жолды таңдауы да кездейсоқ емес еді.

2014–2018 жылдары Рудный политехникалық колледжінде білім алған Айбек тек оқу үлгерімімен ғана шектеліп қалмай, спорт саласында да биік белестерді бағындырды. Дзюдо күресінен спорт шеберіне үміткер атанып, халықаралық жарыстарда жүлделі орындарға ие болды. Татамидағы әрбір белдесу оның жігерін жанып, төзімділігін арттырды. Спорттағы жеңістер оның бойында қайсарлық пен рухани беріктікті қалыптастырды. Бұл қасиеттер кейін әскери қызметте де айқын көрініс тапты.

«Отан қорғау – қасиетті парыз» деген ұғымды жүрегімен ұққан Айбек 2018 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі қатарына шақырылды. 2018–2019 жылдары ол Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі құрамында мерзімді әскери қызметін абыроймен атқарды. Оның алғашқы әскери жолы «Достық» шекаралық бақылау бөлімшесінен басталды.



Әскери борышын өтеп келгеннен кейін Айбек бұл саладан қол үзбей, өз тағдырын шекара қызметімен байланыстыруға шешім қабылдады. 2020–2021 жылдары Обаған шекара бөлімшесі құрамында келісімшарт негізінде қызмет атқарды. Бұл кезеңде ол тәжірибесін мөлейтіп, әскери кәсібилігін арттырды. Ұжыммен жұмыс істеу, жауапты шешім қабылдау, төтенше жағдайларда әрекет ету секілді маңызды дағдыларды меңгерді.

Алға қойған мақсаты айқын жас жігіт 2021 жылы ҰҚК Шекара академиясына оқуға түсіп, кәсіби білімін жаңа деңгейге көтерді. Төрт жыл бойы табандылықпен білім алған Айбек 2025 жылы оқуын сәтті аяқтап, «лейтенант» алғашқы әскери шеніне ие болды. Бұл – оның тынымсыз еңбегі мен алға қойған мақсатына деген адалдығының жемісі еді.

Жас офицер ретінде алғашқы қызмет орнына ол Шығыс Қазақстан облысына жолдама алды. Бүгінде ол Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Майқапшағай» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары болып қызмет атқарып келеді.

«Майқапшағай» – еліміздің шығысындағы стратегиялық маңызды нүктелердің бірі. Бұл аймақ арқылы халықаралық көлік дәліздері өтеді. Табиғаты да өзінше қатал: жазы аптап ыстық, қысы ызғарлы, желі қатты. Осындай күрделі жағдайда қызмет ету – әрбір әскери қызметшіден жоғары төзімділік пен кәсіби дайындықты талап етеді.

Бүгінгі жастар үшін Айбектің өмірі – үлкен өнеге. Қандай салада болмасын жетістікке жету үшін ең алдымен мақсат, еңбек және табандылық қажет екенін оның өмір жолы дәлелдейді. Әсіресе әскери қызметті таңдаған жастар үшін бұл – нақты бағыт-бағдар.

Осындай қайсар рухты, отансүйгіш жас офицерлер барда, еліміздің шекарасы берік, болашағы жарқын болары сөзсіз.

**Подполковник Ф.БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет лейтенант А.СҮЛЕЙМАНОВТАН.**

АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ...

Мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығы ең алдымен шекарашының берік болуымен өлшенеді. Бүгінде еліміздің мыңдаған шақырымға созылған шекарасын күзетіп тұрған шекарашылардың әрқайсысы – ел тыныштығының сақшысы. Олардың арасында алдыңғы шепте жүрген офицерлер ғана емес, шекара қауіпсіздігі үшін өлшеусіз үлес қосып жүрген мамандар да бар. Солардың бірі – ҚР ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Шалқар» шекара бөлімінің аға технигі аға сержант Есентүгел Самаев.

1989 жылдың 22 мамырында Ақтөбе облысы Шалқар қаласында дүниеге келген. Бала күнінен әскери салада әскери адам болам деп армандап алдына мақсат қойды. Сол мақсатына жету жолында қайтпас қайсарлық танытып 2004 жылы Ақтөбе қаласындағы «Есет Көтібарұлы-Батыр» атындағы әскери – полиция мектеп интернатына оқуға түсіп, 2006 жылы ойдағыдай аяқтады.

Әскер қатарына шақырылу – әр қазақ жігітінің қасиетті борышы. Бұл жолды Есентүгел Мерекевич абыроймен өтті. 2007–2008 жылдары ҚР Қорғаныс министріне қарасты 25744 әуе - жаяу, төңіз әскери күштері қатарында мерзімді әскери қызметін өтеп, тәртіп пен табандылықты бойына жиды. Отан алдындағы борышын өтеп келген жылы ІІМ саласында біраз жыл қызмет етті. Шекара қызметіне 2013 жылы 2030 әскери бөлімінің

қазіргі ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Әлімбет» жедел бөліміне аға жүргізуші болып шекарашылар қатарына қосылды. 2021 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Шалқар» шекара бөлімінде аға-техник лауазымдық міндетін атқаруда. Қазіргі таңда ол – 19 жылдан астам тәжірибесі бар аға техник маман.

Техниктің жұмысы – сырт көзге қарапайым көрінуі мүмкін. Бірақ шындығында, әрбір көлік пен құралдың ақаусыз жұмыс істеуі, инженерлік жүйелердің үнемі дайын болуы – шекарадағы сенімділіктің басты кепілі. «Шекарашы күзетке шықпаса – елдің қауіпсіздігіне қауіп төнеді» десек, техник маманның міндетінсіз шекарашының да ісі толық болмайды. Есентүгел Самаев осы жауапты істі абыроймен атқарып келеді.

Қызмет барысында ол бірнеше мәрте

департамент бастығының алғыс хаттары мен грамоталарына ие болды. Бірақ шынайы марапат – әріптестерінің сенімі мен отбасындағы береке. Бүгінде ол жары екеуі үш баланы тәрбиелеп, жас ұрпаққа өнегелі тәлім беріп отырған ата-ана.

Аға сержант Есентүгел Самаевтың қызмет жолы – адалдық пен еңбекқорлықтың айқын айғағы. Қарапайым ауылдан шыққан жас жеткіншек табандылығы мен адалдығының арқасында ел шебін қорғап жүрген абыройлы шекарашыға айналды. Бүгінгі ұрпақ үшін ол – елге қызмет етудің, Отан алдындағы жауапкершіліктің, қарапайымдылық пен табандылықтың жарқын үлгісі.

**Аға лейтенант Ж.ШАРМАКОВ,
«OS-ЧР». Суретті түсірген
подполковник Р. МЕЙРАМБАЕВ.**





ЖОЛ САЛҒАННЫҢ ЖҮГІ АУЫР

Әскери қызметте әр мамандықтың өзіндік алар орны мен көтерер жүгі бар. Бірі шекара шебіндегі қырағылығымен көзге түссе, енді бірі сол шекараға апарар жолдың ашық, қауіпсіз әрі қолайлы болуына маңдай терін төгеді. Павлодар облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетінің қорытындысы бойынша үздік арнайы техника маманы атанған Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету тобының грейдерісі ефрейтор Бейбіт Жакишев – осындай жауапты істің басында жүрген маман.

Ол 1986 жылы Павлодар облысы, Пресное ауылында дүниеге келген. Үйінің үлкені болғандықтан, бала күнінен апасының тәрбиесін көріп бойына сіңіріп өседі. Мектептен кейін С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің колледжінде автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану мамандығы бойынша білім алады.

2008 жылы Бейбіт Шекара қызметі қатарына мерзімді әскери қызметке шақырылады. 2011 жылғы 9 наурызда Павлодар облысындағы Шекара қызметінің сол кездегі 2033 әскери бөліміне қызметке орналасып, алғашқы еңбек жолын «Арлан» шекара бөлімшесінен бастайды. Бүгінде ефрейтор Б.Жакишев – Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету тобының грейдерісі. Ол тізгіндеген арнайы техника - ДЗ 98 автогрей-

дері. Атаулы техника шекара бойындағы қызметтің үздіксіз жүруіне жол ашатын маңызды құрал. Бейбіт оның көмегімен қыста қар құрсауында қалған бағыттарды ашып, көктемде су шайып кеткен жолдарды қалпына келтіріп, жазда арамшөп басқан жолақтарды тазалап, техника өте алмайтын тұстарды тегістейді.

Арнайы техникамен жұмыс істеу оны жүргізумен ғана шектелмейді. Ұзақ жол мен ауыр жүктемеден кейін техника да күтімді қажет етеді. Сондықтан Бейбіт автогрейдердің техникалық жағдайына үнемі мән беріп, уақытылы қызмет көрсетіп, қажет кезде ақауын өзі қарап, жөндеп отыратынын айтады. Техника сапта болса, шекара бойындағы жұмыс та тоқтамайды.

Оның еңбегінің қадірі осында. Шекарадағы жол ол шекара нарядтарының кедергісіз қозға-

лысы, жедел әрекеттің бағыты, шекара бойындағы қауіпсіздіктің бір тетігі. Сол жолдың ашық әрі қолайлы болуы үшін ефрейтор Б.Жакишев секілді мамандар күн сайын маңдай терін төгеді.

Биыл оның Шекара қызметі қатарында жүргеніне 16 жыл толып отыр. Бұл адамды сынайтын да, шыңдайтын да уақыт. Осы жылдар ішінде ол өзін жауапты, еңбекқор, техника тілін жетік білетін маман ретінде таныта білді. Ел шебіндегі қызметтің берік болуы кейде дәл осындай қарапайым көрінетін, бірақ маңызы зор еңбектен басталады. Ал сол еңбектің басында жүрген ефрейтор Бейбіт Жакишев қызмет жолы – мамандығына адалдықтың және шекара ісіне шынайы берілгендіктің нағыз үлгісі.

**Майор Г.САДЫКОВА,
«OS-ЧР». Сурет
отбасылық мұрағаттан.**



МЕЖДУ ГРАНИЦЕЙ И ПЬЕДЕСТАЛОМ

Не каждый чемпион способен выдержать армейскую дисциплину. И не каждый военнослужащий выйти на мировой пьедестал. Контролёр отдела пограничного контроля «Қайрақ» (железнодорожный) Департамента Пограничной службы по Костанайской области сержант Курбанова Татьяна Леонидовна сумела совместить оба пути и сделать выбор, который определил её жизнь.

Её история начинается не со спортивных арен, а с небольшого посёлка Танабаевский. Неполная семья, трое детей, строгая мать и ранняя самостоятельность. Детство, где не было времени на слабость. «Я была непоседа лазила по деревьям, дралась, всегда была в движении», - вспоминает она.

Именно это движение со временем превратилось в результат. Уже в старших классах Татьяна попадает в сборную Казахстана по летнему полиатлону виду спорта, где важны не только сила и выносливость, но и характер.

Спринт, стрельба, плавание, кросс в каждом из этих испытаний она научилась побеждать. Итог звание мастера спорта, титул чемпионки мира и многочисленные победы на республиканском уровне.

Служба пришла в её жизнь неожиданно через спорт. Предложение, контракт, новая форма и совсем другие задачи. И в какой-то момент жёсткая реальность: совмещать профессиональный спорт и службу стало невозможно.

«Нужно было выбирать спорт или работа. Я выбрала службу», – говорит Татьяна без сожаления.

Этот выбор не стал шагом назад. Напротив он стал продолжением пути, где спортивная закалка превратилась в основу профессионализма.

Свою службу она начала в войсковой части 2031, позже продолжила в подразделениях ОГК «Қайрақ». Сегодня контролёр железнодорожного пункта пропуска. Работа, требующая внимательности, выдержки и ответственности тех качеств, которые

формируются не только в строю, но и на тренировках.

За почти 20 лет службы она не изменила главному принципу идти вперёд.

За пределами службы ещё одна важная часть её жизни. Семья. Супруг и трое детей, ради которых когда-то и был сделан перевод на другой участок службы.

«Спорт дал мне всё профессию, характер, цели. Теперь я стараюсь передать это своим детям», - отмечает она.

Сегодня её победы это не только медали прошлого. Это ежедневная служба, воспитание детей и личный пример, который говорит громче любых слов.

**Старший лейтенант
Н.САКЕН, «OS-ЧР». Фото
с департамента.**



ТАНЫМ

ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ ТОҒЫСҚАН ӨЛКЕ

Қостанай облысы қазақ даласының солтүстігінде орналасқан, терең тарихы мен бай рухани мұрасы бар аймақ. Бұл өңір ежелден-ақ ел қорғаған батырлар мен халыққа қызмет еткен тұлғаларды дүниеге әкелген қасиетті мекен саналады. Бүгінде Қостанай тек аграрлық аймақ ретінде ғана емес, мәдениеті мен зиялы қауымымен де ерекшеленеді.



Қала тарихы XIX ғасырдан бастау алады. Уақыт өте келе шағын бекіністен ірі өңірлік орталыққа айналды. Бүгінде қалада заманауи инфрақұрылым қалыптасып, тарихи орындар мен мәдени нысандар қатар дамып келеді. Өңірдің басты көрікті жерлерінің қатарында облыстық тарихи-өлкетану музейі, Ілияс Омаров атындағы қазақ драма театры, сондай-ақ Тобыл өзенінің жағалауы ерекше орын алады.

Қостанай өңірі – дарынды тұлғаларға бай өлке. Мұнда қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына үлес қосқан көптеген көрнекті қайраткерлер дүниеге келген. Солардың бірі қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин. Оның еңбектері ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Сонымен қатар, бұл өңірден шыққан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғылым мен өнер өкілдері ел дамуына сүбелі үлес қосып келеді.

Қостанай облысы тек мәдениетімен ғана емес, еңбекқор халқымен де танымал. Мұнда ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және білім салалары қарқынды дамып келеді. Жергілікті тұрғындар туған өлкесін

дамытуға ерекше үлес қосып, елдің әлеуметтік-экономикалық өрлеуіне атсалысуда.

Шекаралық аймақ ретінде Қостанай облысының стратегиялық маңызы да жоғары. Күн сайын мемлекеттік шекараны күзетіп жүрген әскери қызметшілер ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде. Олардың қажырлы еңбегі мен адалдығы – елдің берік қорғаны. Шекарашылардың қызметі тек күзетумен шектелмей, құқық бұзушылықтардың алдын алу, халықпен тығыз байланыс орнату және патриоттық тәрбиені нығайту бағытында да жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, Қостанай облысы тарихы терең, табиғаты көркем, адамдары еңбекқор өңір. Бұл өлке өткеннің өнегесін сақтай отырып, болашаққа нық қадам басып келеді. Осындай қасиетті жердің тыныштығын күзетіп тұрған шекарашылардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.

**Аға лейтенант
Н.САКЕН, «OS-ЧР». Сурет ғаламтордан.**

ШЕКАРАДАҒЫ БОЙШАҢ САРБАЗ

Көктем шекараға да өзінің тосын сыйларын ала келген... Біз жастарды әскерге шақыру науқанындағы «тосынсыйларды» айтамыз. Мәселен, ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының Ақжардағы техникалық және кәсіби даярлық бөлімінде бойы екі метрден асатын сарбаз қызмет етіп жүр.

ауылында дүниеге келген. Бала кезінен-ақ Станислав қатарластарының арасынан бойымен ерекшеленіпті. Әскерге дейін Қостанай автожол колледжін тәмамдаған. Қорғаныс істері жөніндегі бөлімде жас жігіттің ерекше бой-бітіміне қарап, ондағылар Шекара қызметіне баруға кеңес берген көрінеді. Өзі Мемлекеттік күзет қызметін қалапты. Тек, Қазақстан Президентінің күзетіне бойы 185 сантиметрден төмен емес және 195 см-ден жоғары емес үміткерлер қабылданатынын естіп, көңілі сәл түсіп қалғанын жасырмайды. Есесіне, Шекара қызметі келгеніне өкінбейді.

– Шекарашылар сені қалай қарсы алды?, – деп сұрадық.

– Құшақ жая... сосын әріне таңданып, – дейді Станислав күлімсіреп.

Бұдан бөлек, сарбаздың бой-бітімі тура келетін әскери форманы табу үшін біраз «терлеуге» тура келгені көрініп тұр. Алайда, ел шебін күзету үшін аптап ыстық пен суықты елемейтін, «күн отырмайтын, түн ұйықтамайтын» нағыз шекарашыларды дайындайтын бөлімнің басшылары бұл тығырықтан шығар жолды да тапқан сыңайлы. Сарбаздың ине-жіптен шыққан су жаңа формасы өзіне қатты жарасып тұр. Ал әскери өмірге... Ол бұл туралы бізге ғана емес, жас сарбаздардың бір күні туралы түсірілім жасау үшін Алматы облысының орталығынан арнайы ат арылтып келген «Қонаев Медиа» теле-

арнасының журналистеріне де ықыластана айтып берген. Өзінің жаңа өміріне қалыптасып үлгергенін, тек ата-ана, бауырларын сағынып жүргенін сыр ғып жеткізген. Тағы азаматтық борышын өтеген соң ҰҚК қатарында немесе Төтенше жағдайлар министрлігінің сапында қызмет еткісі келеді екен. Несі бар, екеуі де осал емес. Бірі – халықтың қауіпсіздігіне жауап берсе, екіншісі – ауыр жағдайға тап болған адамдарға араша болуға асығады...

Иә, Шекара қызметіндегі ең бойшаң сарбаз – Алматы облысы бойынша департаментінің оқу базасында өзінің шекарашылық шеберлігін арттыруда.

Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

«СРОЧНИК 2.0» - БОЛАШАҒЫМА БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК...»

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында мерзімді әскери қызметін өткерген қатардағы жауынгер Дәулет Өтемісов «Срочник 2.0» бағдарламасы аясында үлкен жетістікке қол жеткізді. Ол ҚР ҰҚК Шекара академиясына грант ұтып алды. Біз Дәулетпен әскердегі өмірі мен жетістігі туралы шағын сұхбат құрған едік.



– Дәулет, әскерге бару туралы шешімді қалай қабылдадың?

– Бұл – саналы түрде қабылдаған шешімім болатын. Мектепті аяқтағанда өмірлік жолымды айқындайтын кезең келді. Сол сәтте өзіме «Мен Отаным үшін не істей аламын?» деген сұрақ қойдым. Ел алдындағы борышымды өтеу әр азаматтың парызы екенін терең түсіндім. Намысым мен жігерімді қайрап, әскерді міндет қана емес, сонымен қатар ер азаматты шындейтін жауапкершілікке үйрететін үлкен мектеп деп қабылдадым. Ешкімнің мәжбүрлеуінсіз, өз еркіммен әскери қызметке аттандым. Бұл шешіміме өкінбеймін. Керісінше, өмірімдегі ең дұрыс қадамдардың бірі болды деп есептеймін.

– Әскери қызмет барысында өзіңді жақсы жағынан көрсете алдың ба?

– Әскердегі бір жыл мен үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Сол уақыт ішінде түрлі спорттық жарыстарға белсенді қатыстым. Шекара күзетінде өз міндетімді жауапкершілікпен атқаруға тырыстым. Ұжымға тез сіңісіп, жолдастарыммен жақсы қарым-қатынас орнаттым. Бір-бірімізді қолдап, нағыз қарулас бауырларға айналып үлгердік. Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының 60 жылдығына арналған шағын футбол жарысында «Үздік ойыншы» атауымды қажырлы еңбектің бір нәтижесі деп ойлаймын.

– «Срочник 2.0» бағдарламасы бойынша грант ұтып жатырсың, құтты болсын! Жақсы жаңалығың туралы айтып берсең?

– Шыны айтсам, аталған бағдарлама маған үлкен мүмкіндік берді. Жолымды ашты десем де болады. Әскер қатарына келгенде грант туралы естіген бойда бағымды сынап көргім келді. Бірден бағдарламаға қатысуға шешім қабылдадым. Қолымнан келгенше сабаққа да, спортқа дайындалып, бар күшімді салдым. Тәртіпті сарбаздардың бірі болдым. Нәтижесінде ҚР ҰҚК Шекара академиясының грантын ұтып алдым. Мұндай жетістік мен үшін үлкен жауапкершілік жүктейді, әрі болашағыма жасалған маңызды қадам деп есептеймін.

– Болашақ жоспарларыңмен бөліссең?

– Ең басты мақсатым – Тәуелсіз Қазақстанның білікті, ел сеніміне лайық шекарашы офицер атану. Сол үшін білімімді жетілдіріп, өзімді жан-жақты дамытуға күш салатын боламын. Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында адал қызмет етуді өмірлік ұстанымым деп білемін.

– Жастарға қандай кеңес берер едің?

– Жастарға айтарым – Отан алдындағы перзенттік парызды өтеуден қашпау керек. Әскери өмір – тек міндет емес. Ол адамды тәртіпке, төзімділікке, жауапкершілікке үйрететін үлкен мектеп. Осы ортадан өткен әр азамат өмірде өз орнын таба алады деп ойлаймын.

– Қызықты әңгімеңе көп рахмет!

Подполковник **М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».**
Суретті түсірген автор.



...Осындайда, еріксіз еске түседі. 2025 жылдың күзі болуы керек. Отандық телеарналар өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын Қорғаныс министрлігінің Маңғыстаудағы әскери бөлімдерінің бірінде өтеп жүрген сарбазды көрсетті. Газеттер жарысып жазды. Шынында да саптық алаңда өзінің қаруластарынан ерекшеленіп тұрған ұзын бойлы жас жігітке сүйсінбей қарау мүмкін емес еді. Обалы нәшік, қызықтық, сүйсіндік... Сосын «Шіркін...» дедік.

Мына қызықты қараңыз, «Көктем-2026» шақырылымы сарбаздарының арасында ең бойшаң сарбаз бар. Оның бойы – 2 метр 3 сантиметр. Осындай таңғажайып оқиғаны ести салып, мың-сан жұмысымызды жиып қойып, Ақжарға жеткенше асықтық.

Қатардағы жауынгер Станислав Шильке. Ол Қостанай облысының Сарыкөл ауданына қарасты Севастополь

«ЖАС ШЕКАРАШЫ» КЛУБЫНЫҢ ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Ел тыныштығы мен шекара тұтастығы - әр азаматтың жүрегінде сақталатын қасиетті ұғым. Осындай асыл құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында 2026 жылғы 28 сәуірде Атырау облысы Құрманғазы ауданына қарасты Қиғаш орта мектебінде ерекше әрі тағылымы мол іс-шара өтті. «Сазды» шекара бөлімшесінің ұйымдастыруымен мектеп оқушыларын «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының қатарына салтанатты түрде қабылдау рәсімі өткізілді.



Аталған іс-шараның басты мақсаты - жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік рухты сіңіру, мемлекеттік шекараны қорғаудың маңыздылығын түсіндіру және әскери қызметке деген қызығушылықты арттыру. Бұл - болашақ Отан қорғаушыларын тәрбиелеуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Салтанатты жиын барысында оқушылар арнайы ант қабылдап, өз елінің адал азаматы болуға, туған жердің тыныштығын күзеткен шекарашылардың даңқты дәстүрлерін құрметтеуге уәде берді. Жасөспірімдердің жүзіндегі жауапкершілік пен қуаныш сезімі олардың өмірлеріндегі ерекше кезең екенін айқын аңғартты.

Іс-шараға «Сазды» шекара бөлімшесінің бастығы, аға лейтенант Фархат Өтемісов, сондай-ақ бөлімше бастығының тәрбиелік және идеологиялық жұмыстар

жөніндегі орынбасары аға лейтенант Бауржан Ахметов қатысты. Олар жас шекарашыларға сәттілік тілеп, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі шекара қызметінің маңызы туралы мазмұнды әңгіме өрбітті.

Мұндай әскери-патриоттық шаралар жас буынның бойында жауапкершілік, тәртіп және елге деген сүйіспеншілік сияқты қасиеттерді қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. «Жас шекарашы» клубының қатарының толығы - ел болашағына сенімді қадам, ал бұл бастама ертеңгі күні Отан шебін қорғайтын лайықты азаматтардың қалыптасуына негіз болмақ.

Лейтенант **Д. ЖАМУХАМБЕТОВ, «OS-ЧР».**
Суретті түсірген аға лейтенант **Б.АХМЕТОВ.**



«Маңындарыма арнау»

Құрметті ата-анам, маңындарым! Әскери баилмен жүрекжарды сәлем жолдаймын. Қазіргі таңда мен мерзімді әскери қызметтің алғашқы кезеңін өткізіп жатырмын. Бір айға жуық уақыт ішінде әскери тәртіпке үйреніп, күнделікті қызмет ырғағына бейімделдім. Тәлімде әскери ант қабылдауға дайындық жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілуде. Бұл – әрбір сарваздың өміріндегі айрықша маңызды сәттердің бірі.

Мауыменгілік және дене дайындығы сабақтары жүйелі түрде ұйымдастырылып, кәсіби дағдыларымыз қалыптасуда. Командирлердің талаптары нақты әрі әділ, оқи бізді шыншай түрде. Ұжымда өзара сыйластық пен бірлік бар. Қызмет барысында өзіме үймен тәжірибе жинақтап, жауапкершіліктің мәнін терең түсіне бастадым.

Әр өткен күн мені шыншайлыққа, тәртіпке және төзімділікке баулида. Алға қойған мақсаттарымы айқындалып, Отан алдындағы борышымы маңызды терең сезінудемін. Алдағы әскери ант қабылдау рәсімі мен үймен үлкен абырай әрі сенім жүзін арқалағатын сәт болмақ. Сәл сенімді ақтау – менің басты міндетім.

Мағдайымы жақсы, уайымдалмағандар. Сіздердің ұйыттеріңізді ақтап, әскери борышыңды адал атқаруға бар күш-жігеріңді саламын.

Сәлеммен ұлдарыңыз
Сандықов Айдос Жаласбекұлы
ҰҚК Шекара қызметі
Шығыс Қазақстан облысы
облыстық департаментіне
қарасты Қуришм ауданы
облыстық шекара басқармасының
техникалық және кәсіптік
даярлау бәлімнен.

ПОЭЗИЯ



СОҒЫСТЫҢ СОҒҒЫ КӨКТЕМІ

Жасылмен бояп қойған ба?!
Жап-жасыл таудың бөктері
Қырлар да, мынау ойлар да,
Жап-жасыл болып көктеді.
Соғыстың соңғы көктемі.
Көп болды, жасыл тауларға,
Жап-жасыл бұлттар шөккелі.
Әкелді шуақ бар маңға,
Соғыстың соңғы көктемі.
Соғыстың соңғы көктемі,
Көп болды нұрын төккелі.
Жап-жасыл анау аспан да,
Аспан да, сірә, көктеді.
Бойына таудың асылып,
Шұғыла тұрды, көк меңі.
Қызғанып, гүлін жасырып,
Қылтанақтар да көктеді.
Соғыстың соңғы көктемі.
Жап-жасыл шыбық, тал-дағы,
Орманның жасыл шөкпені.
Қуанта, бірақ, алмады,
Сонау бір үйді шеттегі,
Соғыстың соңғы көктемі.

Мұқағали МАҚАТАЕВ.



Суретті ЖИ арқылы жасаған қатардағы Д.ҚУАНЫШЕВ, «OS-ЧР».

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_pogran@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb
Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Редактор: Азамат Мұханов
Жауапты хатшы: Еркін Кайбуллин

Компьютерлік безендіру және беттеуші:
Нұржан Кабдулов
Корректорлар: Майра Касенова, Өркен Шопашев
Нөмірдің кезекші редакторлары:
Жанар Кемел, Айдос Кирғизбаев, Диас Жанұхамбетов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-г куәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген. "OS-ЧР" газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.